



*Дәріс № 15*

**Жасөспірімдік жастағы  
психикалық даму  
ерекшелігі**

# Жасөспірімдік жастағы психикалық даму ерекшелігі

## Жоспар:

---

1. Жасөспірімдік кезең немесе ерте жастық шақ.
2. Кәсіби бағыттылық жасөспірім шақтың орталық психологиялық жаңа құрылымы ретінде.
3. Жасөспірімдік шақтағы психоэлеуметтік даму.
4. Сенсорлық кемшілігі бар бала психикасының дамуы

### II Қорытынды

### III Әдебиеттер тізімі

**Негізгі ұғымдар:** пубертаттық кезең, «дағдарыс», акселерация, жеткіншек, жасөспірім, бозбала, бойжеткен, мамандық, өзіндік сана.



- **Жас** – адам ғұмырының белгілі бір кезеңін белгілейтін өлшем. Жас адамның физиологиялық, морфологиялық және психологиялық дамуының көрсеткіші болып табылады.
- **Жасөспірімдік кезең** – 10 мен 14-тің арасындағы ортаңғы сынып оқушылары
- **Ерте жастық шақ кезеңі** 14-15-тен 17 жасқа дейін орта буыннан жоғарғы сыныпқа немесе жаңа оқу орындарына – гимназияларға, колледждерге, училищелерге өткен кезең

# Жасөспірімдік кезең

Жасөспірім кезеңі жалпы тұлға болып дамуындағы маңызды фаза.

«Жасөспірім» - сөзінің мағынасы ішкі дүниенің негізгі тенденциясының дамуын көрсетеді.

Жасөспірім шаққа аяқ басқан баланың қалыптасуындағы түбегейлі өзгерістер мен сана-сезімнің дамуындағы сапалық өзгеріспен анықталады.

Жасөспірімнің жеке басындағы басты проблема және діни жаңа құрылымы, оның өзі туралы енді бала емеспін дейтін түсініктің пайда болуы орын алады.

# Ерте жастық кезең

Орта буыннан жоғарғы сыныпқа немесе жаңа оқу орындарына – гимназияларға, колледждерге, училищелерге өткен кезде бірден дамудың жаңа әлеуметтік ситуациясына атайды. Бұл ситуацияны тек жаңа ұжымдар ғана емес, сондай-ақ ең бастысы, болашаққа бағыттылық сипаттайды: өмір сүру қалыбын, мамандықты, референтті адамдар тобын таңдауға бағыттылық.

Осы кезеңде құндылық-бағдар белсенділігі негізгі мәнге ие болады. Бұл автономияға, өз өзі болуға ұмтылумен байланыстырылады.

Таңдау жасауға өмірлік ситуация мәжбүр етеді, ата-аналар тарапына ынталандырады және оқу орны бағыттайды.

И.С. Кон



**«Қазіргі күнгі психология нақты, мінез-құлықтық автономияны (жасөспірімнің тек өзіне ғана қатысты мәселелерді өз бетінше шешу қажеттілігі мен құқығы), эмоционалдық автономияны (ата-аналарынан тәуелсіз таңдалған үйірлігі болу қажеттілігі мен құқығы), мораль және құндылықтық автономияны(іс жүзінде өз көзқарастарының болуы қажеттілігі мен құқығы,) ажырата отырып, ер жеткен балаларды автономиялау мәселесін қояды».**

**М.Ю. Кондратьев**



**Ерте жастық шақта достық, сенімді қатынастар өте маңызды. Көбінесе махаббаттың бүкіл сан алуандығымен толықтырыла, кейде алмаса отырып, достық бозбалалар мен бойжеткендер үшін қатынастардың маңызды формаларының бірі болып келеді. «Жоғары сынып оқушыларының формалды емес өзара қатынастары біртіндеп құндылыққа ие болады, қандай да бір зерттеу «полигонының» рөлін атқарады, онда бозбалалар мен бойжеткендер болашақ «үлкендер» өмірінің стратегиялары мен тактикаларына жаттықтырылып, сынақтан өткізіліп, сенімділікке тексеріледі.**

Э.Шпрангер



**Жасөспірімдердің психологиясын зерттеген неміс мамандарының бірі «жеке тұлғалық құбылмалылық» деп өтпелі кезеңнің үш түрлі өтуін бейнелейді.**



## 1- саты


жеткіншектердің екпінді бірақ күйзелісті дамуы, торығумен күресе отырып, нәтижесінде жаңа «Меннің» пайда болуы, бұл жеткіншектер үшін балалықтан ересектік шаққа өту аса қиын, жанға батарлық із тастап, қиялшыл көңіл-күйімен ерекшеленеді

## 2- саты

бұл кезенді ешбір қиындықсыз өткізетіндер. Бұл жастар баяу және үздіксіз, сатылы даму моделінің өкілдері болып табылады. Ересектікке тұлғалық түсініктері ойсырамай, күйзеліске ұшырамай, өте жеңіл, бабымен жетеді.

## 3- саты

модель динамикалық модель деп аталады. Бұл - алдыңғы екі модельдің қосындысы. Бұл жастар өздерінің даму барысына тікелей әсер ете алады. Бұл кезеңде бірнеше қиындықтар мен күйзелістерді басынан өткеруі мүмкін, бірақ оларды саналы түрде жеңіп шығуға тырысады. Қысқаша айтқанда, жасөспірімдік шақ қиын да, жеңіл де өтуі мүмкін, оның бәрі баланың тұлғасына жиған-тергеніне байланысты.



дүниетану, көзқарастар, сендіру және идеалдар

перспективалар

қажеттілігі, әуестенуі мен қызығушылықтары

бейімділіктер, білімдер мен іскерліктер перспективаларының талаптарымен келісу дәрежесін дәлме-дәл бағалау

перспективаларды тану

Кәсіби бағыттылықты қалыптастыру үдерісін А. А. Ростунов әзірлеген үлгі түрінде ұсынуға болады, мысалы мотив түзеуші компонент перспективалар болып келетін жасөспірімдер мен ерте жастық шақ кезеңінің айта аламыз



Шәкірттің кәсіби және тұлғалық өзін-өзі анықтауға деген дайындығы құндылық бағдарлар жүйесін, айқын көрінетін кәсіби бағдарларды және кәсіби қызығушылықтарды, шығармашылық ойлаудың дамыған формаларын, ғылыми таным әдістерін игеруді, өзін-өзі тәрбиелеу іскерлігін қамтиды. Бұл тұлға қалыптасуы мен пісіп жетілуінің соңғы кезеңі, осы кезде оқушының құндылықты-бағдарлық іс-әрекеті неғұрлым толық байқалады. Осы жаста оқушының автономияға ұмтылуының негізінде оның бойында өзіндік сана сезімнің толықтай құралымы қалыптасады, тұлғалық рефлексия дамиды, өмірлік жоспарлар, перспективалар саналы түсініледі, талап қою деңгейі қалыптасады. В.С. Собкинның әлеуметтік зерттеулерінің мәліметтері көрсеткендей, жоғары сынып оқушылары (XX ғ. соңындағы мәскеуліктер) елдің қоғамдық өміріне араласқан, олар «саяси пікірталастардың түбегейлі мәселелерінің барлық кеңістіктерін және шын мәнінде көрсетілген позициялардың бүкіл кеңістіктерін модельдейді



# Қорытынды



- Қорыта келгенде, өмір жағдайының өзгеруімен, отбасынан немесе кіші мектеп оқушысында үстем беделдер біршама өзгереді. Ата-ана беделімен қатар мұғалім беделі де пайда болады. «Ал мұғалім былай айтты» - деп бала шешесінің айтқанына қарсы шығады. Бастауыш мектептің соңына қарай, дамудың макрофазасы ретінде негізгі бейімделу кезеңі (А.В. Петровский бойынша) аяқталғанда, оқушы тек қана оқу іс-әрекетінің ғана емес, сондай-ақ, белсенді тұлғааралық өзара әрекеттесудің де субъекті бола бастайды, оның өзі өте маңызды. Кіші мектеп оқушысы жасөспірім бола бастайды. Сонымен жасөспірім шақта адам өзінің өмір сүруіндегі мәнділікті іздейді және өзінің біртұтастылығын игеруге талпынады, басқалар арасында өз орынын табуға тырысады.

# Пайдаланылган әдебиеттер тізімі:



- В. Т. Кудрявцев, Психология развития человека. - Рига, 1999.
- И. Ю. Кулагина, Возрастная психология - Москва, 1999.
- **Кон И.С.** Психология старшеклассника. М., 1980.
- **Кондратьев М.Ю.** Подросток в замкнутом круге общения. М. - Воронеж, 1997.
- **Фельдштейн Д.И.** Возрастная психология. М., 1997.